

XV республикалық Абай оқуларының қорытындысы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының арасындағы 2014 жылғы 28 қантардағы № 16 шартты орындау, сондай – ақ РМҚК «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының» жұмыс жоспарына сәйкес Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2014 жылғы 4-5 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін оқу ұйымдарының оқушылары арасында XV республикалық Абай оқуларын өткізді.



Шараны ұйымдастырушылар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы, Шығыс Қазақстан өңірлік ғылыми-практикалық «Дарын» орталығы, Семей қаласы мен Абай ауданының білім бөлімдері.

XV республикалық Абай оқуларының негізгі мақсаттары: мектеп оқушылары арасында Абай мен Шәкәрім шығармаларын насихаттау;



жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының шығармашылық қабілеттіліктерін, эстетикалық талғамдарын, тұлғалық сезім мәдениетін дамыту;

оқушыларды Абай поэзиясына, ұлы ойшылдың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тарихи танымдарын, ізгілікке, демократияға және азаматтыққа бағытталған дүниетанымдары мен сана-сезімдерін, өмірлік айқындамаларын қалыптастыру.

Республикалық Абай оқулары үш бөлім бойынша өткізілді:

«Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» - Абай мен Шәкәрім шығармаларын жатқа оқу конкурсы. Қатысушы өзі жатқа білетін шығармалардың тізімін конкурс басталғанға дейін өткізуі қажет (ұлылардың шығармаларын көбірек жатқа білетін оқушыға жоғары баға қойылады).



«Көңілім әнді ұғады» - Абай мен Шәкәрімнің әндері мен күйлерін орындау конкурсы.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» - жас дарындар конкурсы (өз шығармаларын орындау: өлеңдер, әндер, күйлер).

Конкурсқа Қазақстан Республикасының барлық облыстарынан 63 оқушы қатысуға өтінім беріп, барлығы қатысты.

Қазылар алқасының құрамында белгілі журналистер, ғалымдар, көрнекті өнер қайраткерлері мен ақындар болды.

Конкурстың қорытындысы бойынша 19 оқушы жүлделі орындарды иеленіп, 37 оқушы алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

«Өлең - сөздің патшасы - сөз сарасы» номинациясы бойынша:

Бас жүлде - Кенешбай Шоқан - №148 МГ, Алматы қаласы.

1 орын - Бақтығерей Назерке - №39 МГ, Жамбыл облысы.

1 орын - Жұматаева Бұлбұл- Шәкәрім ОМ, Шығыс Қазақстан облысы.

2 орын - Ситникова Татьяна - Краснооктябрь ОМ, Қостанай облысы.

2 орын - Құрманғазы Қайырхан - Шеңгелді ОМ, Оңтүстік Қазақстан облысы.



3 орын - Закария Әлия - №27 ОМ, Шығыс Қазақстан облысы.

3 орын - Орныхан Айнұр - №61 ОМ, Қарағанды облысы.

«Көңілім әнді ұғады» номинациясы бойынша:

1 орын - Мұратов Ислам - Ақжайық ОМ, Батыс Қазақстан облысы.

1 орын - Өтешова Инкәр - Әбдіхалықов атындағы ОМ, Маңғыстау облысы.

2 орын - Қалымбекова Алуа - ДБА ММИ, Қарағанды облысы.

2 орын - Бакизова Жания - №36 МГ, Алматы қаласы.



3 орын - Серікхан Айбота - Қ. Байсейітов атындағы ОМ, Алматы облысы.

3 орын - Советқызы Талшын - Қарауыл гимназиясы, Шығыс Қазақстан облысы.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясы бойынша:

1 орын- Уәлибекова Ділдә - Қарауыл гимназиясы, Шығыс Қазақстан облысы.

1 орын - Бейсекожаева Ғаламат - А. Жұбанов атындағы РММИ, Алматы қаласы.

2 орын - Алимахамад Бексултан - ДБА №4 МИ, Қызылорда облысы.

2 орын - Ұзақ Шалқар - Абай атындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта МИ, Алматы қаласы.

3 орын - Ыдырыс Сымбат - Барманбекұлы атындағы ОМ, Алматы облысы.

3 орын - Ықылас Бек - №30 ОМ, Қарағанды облысы.

Жеңімпаздар ҚР Білім және ғылым министрлігінің дипломымен, бағалы сыйлықтармен марапатталып, байқауға қатысушыларға сертификаттар табыс етілді.



XV республикалық Абай оқуларын білікті қазылар алқасы сараптады. Республикалық «Абай» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі М. Оспанов қазылар алқасының төрағасы болды. Қазылар алқасының мүшелері: Р.М. Баттал - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің орта білім департаментінің бас сарапшысы, Г.С. Құрманбай – педагогика ғылымының докторы, Назарбаев университетінің профессоры, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, Ж.М. Әубәкір – филология ғылым кандидаты, Республикалық Абай қорық – мұражайының директоры, Д.С. Омарбаева – ақын, Семей қалалық «Халықтық» ақындар орталығының жетекшісі, Республикалық



айтыстардың лауреаты, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Б. Шағатайқызы - ҚР еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, Т. Жанғалиев - ақын, Жамбыл қоры сыйлығының лауреаты, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Е.К. Оразалин - сазгер, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, М.Сермағамбетұлы - «Қазақстан мұғалімі»

газетінің бас редакторы.